

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Аударма. Эмпиризм. Этика





Мақсаты: Лоуренс Венутидің «Аударма. Эмпиризм. Этика» атты эссесінде сөз етілген аударманың сапасы туралы мәселемен танысу.

Тірек сөздер: аударма, аударма теориясы, интерпретант, этика, эмпиризм, таңба, герменевтика.

Біз Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» атты антологиясымен танысуды жалғастырамыз. Бұл дәрісте Темпл университетінің профессоры, әдеби аударма теориясы мен тарихының маманы Лоуренс Венутидің аударма мәселесіне арналған жұмысына тоқталамыз. Лоуренс Венути бұл мәселені өзінің замандасы, Гарвард университетінің еуропалық зерттеулер орталығының қызметкері, аудармашы Артур Голдхаммердің шығармашылығына талдау жасау арқылы қарастырады.

Лоуренс Венути 30 жыл бойы Голдхаммердің өнер тарихы, әдебиет теориясы мен тарихы, философия және ғылым тарихы бойынша жүзден астам француз мәтіндерінің ағылшын нұсқасын жазғанын айта келіп, бұл кітапты оқыған оқырмандар санының көбеюі Голдхаммердің ерен еңбегі деп бағалайды.

Лоуренс Венути аударманың басты қасиеті ретінде бақылау ұғымын алға тартады. Бақылау – аудармашы тарапынан мәтінді екі тілде де толық көре білу. Сөзіне білу. Демек, қос тілдің табиғатын терең сезіне алған аудармашы – кез келген мәтінді толық бақылауында ұстай алады.

Ал аудармашы Артур Голдхаммердің шығармашылығына келгенде Венути «ағылшын тілді адамдардың жүзден астам француз мәтіндетін түсіне алуы Голдхаммердің еңбегі деп айтуға бола ма?». «Аудармашының аудару қабілетінің мәні неде және оны қалай әділетті бағалауға болады?» деген заңды да қисынды маңызды мәселелерді көтереді. Бұл мәселелердің шешімі аудармашылар үшін көптеген жайттардың алдын алған болар еді. Алайда бұл бір ғана ізденіс немесе бірер аудармашының еңбегі төңірегінде шешіле салатын дүние емес. Ол жағы кәнігі аудармашыларға да мәлім.

Жалпы аударма – әдебиетті тану ғылымының жеке дара үлкен бір саласы. Мұны әдебиеттанудың үш негізгі саласының біріне теліп қоюға келмейді. Бұл үздіксіз дамып, кемелденіп отыратын күрделі сала. Аударма теориясы туралы да осыны айтуға болады. Бұл тұрғыда аударма теориясын – аударма практикасындағы құбылыстарды танып, жүйелеп, оларға жол көрсете алатын тұжырымдар жиынтығы деуге де болады.

Әдебиет теориясының контекстінде біз көбіне көркем аударманың табиғатын сөз етіміз. Бірақ негізгі нысан ретінде емес. Әдебиет теориясы аударманың жанр табиғатына әсері тұрғысынан, көркем мәтінге тигізер пішіндік, мағыналық ықпалы тұрғысынан қарастырады. Қай жағынан алып қарағанда да, мейлі ол аударманың қай түріне, тәсіліне жатса да шебер аударма түпнұсқаға сәйкес болуы шарт. Көркем аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне орай дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп ажыратылады. Көркем аудармада әдеби шығарма бастан аяқ сөзбе-сөз тәржімеленбейді, сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын, бейнелік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі. Ұлттық әдебиетімізде Абай Гөтенің, Ю. Лермонтовтың, А. Пушкиннің жекелеген шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем аударманың керемет үлгісін танытты. Шәкәрім Л. Толстойдан «Асархадон патша», «Үш сауалды», А.С. Пушкиннің «Дубровский» мен «Боранын» төлтума тілде сөйлетті, Тұрағұл Абайұлы болса, сол дәстүрді жалғастырып, М. Горькийдің, Б. Прустың, А. Неверовтың шығармаларын аударған. Көркем аударма дегеннен шығады, мәселен Тұрағұл Александр Неверовтың «Я хочу жить» деген әңгімесін «Мен өмірге жерікпін» деп аударды. Көркем аударманың табиғаты біздің әдебиеттану аясында профессор Нағима Жалелқызы Сағындықова тарапынан арнайы монографиялық зерттеу түрінде қарастырылғанын айта кетуіміз керек.

Ал қазір сөз еткелі отырған Лоуренс Венутидің жұмысын көркем аударма мәселесі ретінде қарастыруға келмейді. Көбіне мұнда аударманың әлеуметтік, мәдени қатынастарын пайымдалған. Оның үстіне Венутидің зерттеу нысаны аудармашы Голдхаммер екенін ескерсек мәселе одан сайын айқындала түседі. Себебі Голдхаммер көркем мәтіндерден гөрі, жартылай көркемдік сипаттағы танымдық, публицистикалық, ғылыми негіздегі мәтіндерді аударуға машықтанған кәнігі аудармашы.



Сонымен, Голдхаммер көптеген тәжірибелі аудармашылар секілді жоғарыда айтылған Венутидің аудармашы еңбегін бағалауға қатысты пікірлеріне аса көңіл бөле қоймайды. «Аударма – онсыз да күрделі құбылыс, теориялық болжамды пікір айтудың қажеті шамалы», – дейді ол. Кейбір сөздер мен фразаларды аударуда нақтылық пен қателіктердің орын алуы – әдеби мәтіннің стилін аудару мен ғылым мәтінінің мағынасы арасында сәйкессіздік бар екенін дәлелдейді. Голдхаммер өзінің тұжырымдамасын метафораны үлгі ету арқылы дәлелдейді. «Аударма, – дейді ол, – Қағып алынған допқа тең: оны сөзбен жеткізіп сипаттауға болмайды. Сипаттауға тырысқандар ақымақ болып көрінері хақ. Бірақ кез келген көрермен оның қаншалықты тамаша әрі керемет екенін түсіне алады».

Бұл метафораға теориялық-эпистемология, яғни эмпиризм тән. Голдхаммердің сапалы аудармасы кез келген оқырманға түсінікті болып, пән мен мақсатты адамның мәдени біліміне қарай біріктіре алады. Сондықтан аударманың құндылығын сипаттауға, түсіндіруге немесе ақтап алуға келмейді. Тіпті мүмкін емес, ал ондай талпыныс – ақымақтың ісі.

Эмпиризм британ және америкалық мәдени дәстүрлеріне тән. Оның танымал ойшылдары – Фрэнсис Бэкон, Томас Гоббс пен Джон Локк. Эмпиризм – тек философиялық тұжырым ғана емес, тарихта, поэзия мен әдеби журналистикада да бар ұғым. Егер тереңірек зерттей түссек, олардың кемшілігі айқын көрінеді. Егер мәселе осындай деңгейде болса, неге ғалымдар, баспагерлер мен оқырмандар аударманы мәдени тәжірибеден де құнды деп есептемеген? Голдхаммер – тәжірибелі аудармашы, бірақ оның өзі әріптестеріне, оқырмандар мен баспагерлерге өз жұмысына талдау бере алмаған. Сондықтан ол аударма ісінің шектеулі сипатын өзгерте немесе аударманың мәдениетаралық алмасу құндылығын арттыра алмаған.

Бұл контексте эмпиризм – басты мәселе болып саналады, себебі ол тілді тікелей сөйлеу арқылы немесе сілтеме ретінде қабылдауға түрткі болады. Сөйтіп аударманың инструменталды моделін қарапайым әрекет немесе инвариантты беру формасына айналдырады.

«Адам түсінігі туралы очеркте» (1689) Локк аудару барысындағы инструменталды моделдің аударманы «бір мағына беретін екі сөздің өзгерісі» деп сипаттайды. Құралдық аударманың тәжірибесін басшылыққа алып, аудармашыларды үйрету тәсілі болып саналады. Бүгінгі таңда аударманы бұлайша түсіну негізгі анықтама болып саналады.

Аударманы түсінуді жетілдіре түсу үшін аударманың инструменталды модель ретіндегі ұғымын герменевтика (мәтіннің түсініктемесі) ұғымымен алмастыру керек. Материалистердің тіл дегеніміз – лингвистикалық және мәдени детерминанттармен әрекет ететін жаратылыс, герменевтикалық үлгі деген тұжырымына негізделе отырып, аударманы – бастапқы мәтіннің интерпретациясы деп қабылдайды. Бұл дегеніміз – бастапқы және аударылған мәтін арасында формалды немесе семантикалық байланыс жоқ дегенді білдірмейді, бірақ интерпретациядан туындаған кез келген сәйкестік аударма мен мәдениет арқылы айқын көрінеді. Аударма түпнұсқаны өзгеріссіз бере алмайды. Ол тек оның интерпретациясын беріп, лексикалық және синтаксистік нұсқаларды таңдау арқылы оның бастапқы-мәтіндік қызметін, айталық, өлшемін, тонын, көзқарасын, сипаттамасын, жанрын, баяндау тәсілін, терминологиясы мен уәждерін өзгерте алады. Аудармашы үшінші категорияны негізге ала отырып, мәтінді интерпретациялайды. Үшінші категория – бастапқы тіл мен мәдениет арасындағы байланыстырушы өзек болып табылады. Үшінші категорияны Л. Венути «интерпретант» деп атап, оны Чарльз Пирстың семиотикасынан көшіріп алады. Пирс таңбаға мынадай анықтама береді: «таңба – интерпретант санасы арқылы танылатын репрезентамен». Репрезентамен – таңбаның сөз формасы болса, интерпретант – мағынаға ие таңба. Пирстің теориясында, Умберто Экононың ойынша, «таңба басқа біреулер үшін интерпретантпен байланысты болғаны үшін басқа мағына білдіруі мүмкін». Мысал ретінде Эко сөздіктегі анықтаманы алып, визуалды бейнесі мен аударманы басқа тілге аударып, интерпретант семантикалық талдау құралы қызметін атқаратынын алға тартады.

Пирстің өзі интерпретант ұғымын аудармамен салыстыра қарайды. Ол бұл ұғымға сүйенетін «себебі – оның аудармашы қызметін атқаруы» деп біледі. Лоуренс Венути аудармашы шетелдік азаматтың тілін ауызша аударып немесе интерпретациялап қана қоймай, белгілі бір тәсілмен «сөйлейтініне» назар аударады.

Мәтінді түпнұсқадан өзге тілге сөйлету үдерісінде интерпретант – байланыстырушы әрі трансформацияшы қасиетке ие. Аударма барысында интерпретант формалды әрі тақырыптық



болып келеді. Формалды интерпретанттарға эквиваленттілік, айталық, семантикалық сәйкестік секілді ұғымдар кіреді. Бұл ұғымдардың лексиконы мен синтаксисі өзгеше болып, жанрмен байланысты болып келеді. Тақырыптық интерпретанттар – кодтар: олар нақты құндылықтар, түсініктер мен тұжырымдар бола алады. Интерпретанттар қабылдаушы жақта орнығып қалады. Аудармашының интерпретанттарды пайдалануы бастапқы мәтінді реконструкциялап, интерлингвистикалық және интердискурсивті қатынастарды тіл мен әдебиетте алмастырады.

Герменевтикалық үлгіні өз деңгейінде бағалау үшін Лоуренс Венути Голдхаммердің 1992 жылғы «Каннибалдар ауылы» аудармасын қарастырады. Француз мәтіні – тарихшы Ален Корбиннің XIX ғасырдағы Францияның ауылдық жерлеріндегі қатыгез қорлаудың саяси және әлеуметтік сипаты туралы әңгімесі: шаруалардың бір тобы Дордонда дворянды ұстап алып, тірідей өртеп жіберген. Голдхаммер ағылшын тілінің құрылымдық ерекшеліктері мен тілдік нормаларына түзетулер ендіре отырып, қазіргі француз-ағылшын сөздіктеріндегі семантикалық сәйкестікті басшылыққа алады. Оның нұсқалары Корбиннің шығармасын танымастай академиялық стильмен жеткізілген. Голдхаммер «гүлденді», «маңызды рөл атқарды», «мәселенің төркіні» деген сөздер мен тіркестерді жиі пайдаланады.

«Бұл миф XIX ғасырдың көп бөлігінде гүлденіп келген» деген сөйлемде қолданылған «гүлденді» сөзі «тұрақтылығын көрсетті» деген мағынаны, ал «маңызды рөл атқарды» тіркесі «шешуші элемент болып табылады» деген ұғымның орнына, «мәселенің түйіні» тіркесі француз тіліндегі «l'essentiel» – маңызды дүние деген мағынаның орнына қолданылған. Голдхаммер өзінің аудармасында нақты интерпретанттарды – ағылшынтілді мәдениеттегі тарихи академиялық жазбалардың стилистикалық шарттылығын қолданады.

Корбин жиі қолданған *l'imaginaire* терминін аудару үшін Голдхаммер тақырыптық интерпретантты пайдаланады: эмпиризмнің философиялық коды. Француз тіліндегі «*l'imaginaire*» сөзі ағылшын тіліндегі «*imaginary*» («жалған») сөзіне мағыналық жағынан жақын. Бірақ Голдхаммер оны «бейне», «қиял», «насихат» сөздерімен ауыстырған.

«Жалған» сөзін «қиял» сөзімен алмастыра отырып, Голдхаммер факті мен қиял, шындық пен жалған, ақиқат пен сыртқы кескін арасындағы айырмашылықтарды көрсетіп береді.

Филипп Каррард Голдхаммердің аудармасын сынға алады, Корбиннің француз тіліндегі мәтінін «теориялық аппаратпен жеңілдетіп жіберген» дейді. Бұл – күрделі мәселе, себебі Голдхаммердің аудармасы нақты немесе қате деп айтуға болмайды. Ол туынды болып саналған интерпретацияны ұсынады. Оның интерпретациясы Корбиннің «теориялық саналы тарихшы» еместігін дәлелдейтін идеяны көрсетеді. Корбин Голдхаммердің аудармасын түбегейлі қарап шығып, аудармашыға қолжазбаның бес бетін жіберген екен. Голдхаммер «барлық түсіндірмелер «мағынамен» және «реңкпен» байланысты екенін түсіндіруге тырысады. Корбин теориялық интерпретация немесе қате интерпретация мәселелерін көтермеген.

«Біз, – деп жазады Л.Венути, – сапалы интерпретацияға үйреніп кеткенбіз, автордың түпкі идеясын назарға алмаймыз. Сондықтан Корбин мәтінінің аудармасын бағалауға күмәнмен қарауға болады».

Француз мәтінінің эквиваленті ретінде белгілі бір сөзді ала отырып, аудармашы Голдхаммер абстракцияны жүзеге асырады. Альтессер ақиқаттың эмпирикалық тұжырымдамасын нақтылық нақсыздықтан ерекшелеп тұратын процедурада деп есептейді. Сонда Голдхаммердің аудармасы – эмпирикалық дискурсқа ендірілген үлес секілді болып көрінеді. Бұл бір жағынан, тілдің айқын семантикасы бар деген түсінік Голдхаммерді ағылшын тіліндегі стандартты тіркестерден айырмасы бар кез келген жаргонды пайдаланудан бас тартуға түрткі болды.

Екінші жағынан, тарихи хаттар – объективті шындықты суреттейді деген тұжырым оны теориялық тұжырымдамалардан алыс болуға итермеледі. Голдхаммер француз мәтініне эмпиризмді ендіреді.

Голдхаммер ұсынған инвариантта бастапқы мәтін болады, ол нақтылықтың жалғыз критерийі саналады. Демек, аударманың құндылығын айқындайды.

Соған қарамастан, Корбиннің мәтінінде бір-біріне қарама-қайшы екі интерпретация кездеседі. Герменевтикалық үлгі бізге түпкілікті және жалпылама түсіндірме береді. Себебі ол формалды және семантикалық сәйкестікті жекелік және шартты деп қабылдайды: жекелік –



қабылдаушы тіл мен мәдениетке қатысы жағынан бастапқы мәтінде толыққанды көрінбейді; ол мүмкін интерпретацияның біреуін таңдайды.

«Таймстың» әдеби қосымшасында жариялаған шолуда Роберт Томбс, Кембридж университетінің Франция тарихы бойынша маманы, Корбиннің мәтінін «мұңлы ауыл өміріне жеңіл әрі нақты суреттеме» деп, жоғары бағалайды. Томбстың эмпирикалық тәсілді бұлайша бағалауы оның тікелей баяндауынан көрінеді. Голдхаммердің аудармасын «тікелей аударма» деп атай отырып, – дейді Томбс, – Л. Венути ағылшын нұсқасының ассимиляциялық табиғатынан хабары жоқ болып, «қарапайым» терминін төмендету немесе көбейту деп қабылдайды».

«Корбиннің жұмысы – сапалы аударма деп саналады» – дейді Л.Венути.

Аударма бастапқы мәтінді өзгертеді, оны әлгі мәтінді аудармашының әлеуметтік және мәдени интерпретациясын ескермей, салыстыру арқылы бағалау мүмкін емес. Бағалау – келесі бір деңгейге өтеді. Бұл деңгей этикалық сипатта: интерпретацияны бастапқы мәтінге ендіргенде, аударма этикалық көзқарасты білдіріп, кереғар интерпретацияларға қатысты идеологиялық қызмет атқара алады.

Этика

Л. Венути Ален Бадьюдың тұжырымдамасын басшылыққа алады. Ален Бадью заңға негізделген түсініктеме мен қоғамдық мүдделерге қарсы шығып, мәдени жаңару ендіріп, әлеуметтік және инновациялық тепе-теңдікке талпынады. Л. Венути Бадьюдің басқа топтарды бағындыру үшін этикалықтан тыс білім туралы айтқанын назарға алады. Сонда гуманитарлық ғылымдардағы аударма оның академиялық пәндерге ықпалына сай бағалануы керек: күрделілігіне, стиліне, жанры мен дискурсына, шығармашылық ойлауы мен ғылыми зерттеулерге және қоғамның іс-әрекеттеріндегі өзгерістерге қарай.

Соған байланысты Л. Венути аудармашыларға мәдени құндылықтардың делдалы ретінде қарайды. Бұл өте дұрыс позиция. Кезінде ұлы Чехов аудармашыларды «мәдениет пошташылары» деп атаған болатын.

Голдхаммер «ғылыми проза ғылыми қауымдастық үшін жазылған, ал аудармашы бүкіл халықтың тілдік нормаларына құрметпен қарау керектігін» айтады. Алайда Голдхаммер өз аудармаларында осы қағиданы ұстана бермейді. Мәселен Корбиннің мәтінін ол британ және америкалық академиялық тарихшыларға тән стилге бейімдеп аударғаны байқалады. Оның аудармасын бұл тұрғыда – аудармашының Корбин немесе француз тарихи дискурсының алдында емес, бүкіл ағылшын тілді аудиторияның алдындағы жауапкершілігін сезінуі деп қараған дұрыс тәрізді.

Бұл айтылғандарға қарама-қайшы көзқарасты ұстанған аудармашыны, мәселен, мәдени және әлеуметтік институттардың, айталық, академия немесе баспа ісінетәуелді аудармашыларды алып қарайықшы. Бұлар шетел тілдеріндегі, мәдениетіндегі әртүрлі өзгерістерге абайлап қарап, осындай өзгерістерді мүдделі тұлғалар мен мекемелерге жеткізіп, осы айырмашылықты көрсету үшін тілдік және мәдени құралдарды іздей бастайды. Ал жасалған аударма дұрыс аударма туралы белгіленген критерийлер, тұжырымдар мен түсініктерді қанағаттандыруға бағытталған.

Артур Голдхаммердің барлық аудармаларын Лоуренс Венутидің ойынша, аса құрметпен қабылданады деп айтуға болмайды. Бірақ, ол аудармалар жаңа интеллектуалды кеңістікті құруға сеп болуы мүмкін. Мұндай аударма – өз кезегінде маңызды тәсілдердің бірі болып саналады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Л. Венутидің ойынша, аудармашы аударманың мәтінін интерпретациялай ала ма әлде түп-нұсқаның әрбір «дыбысын» қатаң сақтауы керек пе?
2. Аударма жасаудың этикалық бөлігі немен байланысты?



Эдэблеттер:

1. Althusser Louis. Ideology and Ideological State Apparatuses // «Lenin and Philosophy» and Other Essays. – London: Monthly Rev., 1970.
2. Badiou Alain. Ethics: An Essay on the Understanding of Evil. – London: Verso, 2001.
3. Carrard Philippe. Taming the New History: Alain Corbin and the Politics of Translation//History of the Human Sciences. – 1993. – 6. – P. 79-90.
4. Corbin Alain. The Village of Cannibals: Rage and Murder in France, 1870. Trans. Arthur Goldhammer. – Cambridge: Harvard UP, 1992.
5. Eco Umberto. A Theory of Semiotics. – Bloomington: Indiana UP, 1976.
6. Goldhammer Arthur. Translating Subtexts: What the Translator Must Know// Center for European Studies, Harvard U. – 2010. – Web. 9 Feb.
7. Lacan Jacques. Écrits: A Selection. – New York: Norton, 1977.
8. Locke John. An Essay concerning Human Understanding. – Oxford: Oxford UP, 1975.